

Отандық қаржы институттарының серпінді жобаларды бірлесіп қаржыландыру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1334 Қаулысы

Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты өсуі және оны әртараптандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Отандық қаржы институттарының серпінді жобаларды бірлесіп қаржыландыру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей Жоспардың орындалуы туралы талдау ақпаратты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 28 желтоқсандағы

N 1334 қаулысымен

бекітілген

Отандық қаржы институттарының серпінді жобаларды бірлесіп қаржыландыру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)
	"Қазына" ОДҚ-ның және екінші деңгейлі				

1	банктердің қатысуымен, оның ішінде кредиттеудің мерзімдерін, кезеңін және тарифтерді көздейтін серпінді жобаларды қаржыландыру тетігін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)	Жарты жылда 1 рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге	Талап етілмейді
2	Қолданыстағы заңнаманы серпінді жобаларды қаржыландыруда отандық қаржы институттарының қатысуына кедергі болатын әкімшілік кедергілерді анықтау мәніне талдау жүргізу және серпінді жобаларды қаржыландыруда отандық қаржылық институттарының қатысуына бөгет болатын әкімшілік кедергілерді жоюға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), ЭБЖМ, Қаржымині, АШМ, ЭМРМ, Қ Қ А (келісім бойынша), "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)	Жарты жылда 1 рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге	Талап етілмейді
3	Мемлекеттік органдар, мемлекеттік холдингтер, әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы қаржы институттары арасындағы перспективалы және іске асырылатын инвестициялық жобалар туралы ақпарат алмасу тетігін әзірлеу және енгізу әрі іске асыруға жоспарланған және іске асырылатын инвестициялық жобалар туралы көпшілікке қол жетімді ақпараттық деректер базасын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, ККМ, ЭМРМ, АШМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық" АҚ (келісім бойынша), "Самғау" АҚ (келісім бойынша)	Жарты жылда 1 рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге	Талап етілмейді
	Инфрақұрылымдық облигациялар бойынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ККМ, ЭМРМ, Қ Қ А (келісім бойынша)	Жарты жылда 1 рет,	

4	мемлекет кепілгерлігін ұсыну жөнінде енгізу жетілдіру ұсыныс	бликасының Үкіметіне ұсыныс	бойынша), "Самұрық" АҚ (келісім бойынша), "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)	25 қаңтарға және 25 шілдеге	Талап етілмейді
5	Қазақстан өңірлерінің инвестициялық паспорттарын құру және Интернет желісіне орналастыру қажеттілігі туралы мәселені пысықтау	Өңірлердің инвестициялық паспорттары	И С М (жинақтау), ЭБЖМ, АШМ, ККМ, БҒМ, ТСМ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жарты жылда 1 рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге	Талап етілмейді

Ескертпе : Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

"Самұрық" АҚ - "Самұрық" Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы

"Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы

"ҚазАгро" АҚ - "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы

"Самғау" АҚ - "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамы